


*Кәсіпкерлік
құқықтық
қатынас*



Рыноктық механизмді ең жалпы түрде экономиканың негізгі мәселелерін шешу мақсатында өндірушілер мен тұтынушылардың рынок арқылы өзара әрекет ететін шаруашылықты ұйымдастыру формасы деп анықтауға болады.





қандай рынок болса да, оның нақты түріне байланыссыз, үш негізгі элементке: бағаға, сұраныс пен ұсынысқа, бәсекеге негізделеді.

1) Бағалар-салыстырмалы бағалардың өзгеруі өндірушіге өндіріс көлемін өзгерту қажеттігін анықтау қызметін атқарады. Бағалардың өзгеруі өндіріс технологиясын таңдауға әсерін тигізеді. Бағалар ақыр соңында табыстардың берілген бір деңгейінде өнімді кімдер тұтынатынын да алдын ала анықтайды.

2) сұраныс төлем мүмкіндігі бар қажеттілік, яғни тұтынушылардың керекті тауарларға төлей алатын ақша сомасы. Ұсыныс дегеніміз берілген бағада сатуға арналған тауардың саны. Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасының өзгеруі бағаның құн төңірегіндегі тербелуін тудырады. Осы тербелулер арқылы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін, ал түбінде өндіріс пен тұтынудың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін деңгей қалыптасады.

3) Бәсеке- әрбір кәсіпкердің мақсаты пайданы барынша ұлғайту, сондықтан да, шаруашылық қызметінің көлемін ұлғайту. Ал бұның өзі өндірістің аса қолайлы жағдайлары үшін кәсіпкерлердің өзара күресіне әкеліп соғады да, олар бір біріне деген қатынасы қарсыластар немесе бәсекелестер ретінде көрінеді. Егер қандайда бір тауардың ұсынысы сұранысынан көп болса, онда сатушылардың арасындағы бәсекелік күрес күшейед





Сатып алушылар санының өсуі не азаюы

Тұтынушы табысының көбеюі мен азаюы

Ұнайтын нәрселердің өзгеруі

Сұранысқа әсер етуші факторлар

Жарнамаға жұмсалатын шығындардың ауытқуы

Субстид тауарларының және комплементарлық тауар бағасының өсуі

Бағаны және тапшылықты күту



Кәсіпкерлікті дамытудың шарттары:

1. кәсіпкерліктің қажетті шарты мен белгісі, субъектінің белгілі бір дәрежеде еркіндігі мен құқы болуы шарт. Ол шаруашылық қызметінің бағытын таңдау, өндірістік бағдарламаны анықтау, қаржыландыру көзін таңдау, өнімдерді өткізу, оларға баға белгілеу, пайдаға өз жарлығын жүргізу т.б. кәсіпкер шаруашылықты жүргізудің экономикалық жағынан оқшауланған субъектісі болуы керек.

2. Кәсіпкерлік қабылданатын шешімдерге, одан туындайтын нәтижелерге тәуекелділікті қажет етеді. Қабылданған шешімдерге деген жауапкершілік болмайтын болса, ол кәсіпкерлік болмағаны, жәй тапсырма бойынша жарлық ету болғаны. Тәуекелдік тура шешім туралы ерекше айту керек. Кәсіпкерліктің қандай түрімен айналысушылардың басым көпшілігі кепілді табыс пен жоғары жалақыға есеп жасайды. Алайда кәсіпкерлік және рыноктың дамуы тек жоғарғы табыс пен жалақыдан тұрмайтыны, оның көлеңкелі жақтары да аз емес екендігі белгілі. Осыдан да болар ауыз екі сөзде тәуекел тас жарады, тас жарамаса бас жарады деген де бар.

3. Кәсіпкерлік қызметтің белгілі коммерциялық табысқа жетуге, пайда табуға бағдар ұстауы, мұның өзі экономикалық қажетті рыноктық құрлымын орнатумен байланысты. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кәсіпкерліктің жан-жақты дамуына оның құқылық базасы жеткіліксіз оған сай әлеуметтік-экономикалық шарт қалануы қажет. Олай дейтініміз рынок пен кәсіпкерлік кенеттен пайда болып тез дамымайтын кім-кімге де түсінікті. Олар бұйрықпен, үкімет шешімдерімен, міндеттеу жолымен іске қосылмайды. Өйткені ақшасыз, тауарсыз, капиталсыз, ең басты реттеуші-құн заңынсыз, қозғаушы күші бәскесіз олар дами алмайды.

4. Шарты еркін кәсіпкерлік меншіктің әр қилы формада, түрде, типте болуын қалайды, олай болса иемденуді де қамтиды. өз кезегінде көптүрлілік объективті құбылыс, өйткені ол өндірістік қызмет көрсету ісінің дамуының нәтижесі.



Рынок- сұраныс пен ұсыныстың баға арқылы өзара қарым-қатынасы.

Экономикалық теория сұраныс, баға және ұсыныс арасындағы байланысты білдіретін түрлі жобалар жасап, оларға жеке фокторлардың ықпалын зерттейді.

Онымен бірге рынокты ұйымдастырудың нақтылы формаларын зерттеу қажет.

Рыноктың нақты формалары төмендегі элементтерден тұрады:

1. Рыноктар. Қазіргі уақытта рыноктар жүйесі қалыптасты. Олар аумақтық белгісі бойынша жергілікті, аймақтық, салалық, ұлттық және халықаралық түрлері бойынша капитал, ресурстар, еңбек және валюта рыноктары болып бөлінеді. Сонымен қатар мемлекеттік, монополиялық және еркін рыноктар бар. Мемлекеттік рыноктың басқа рынок үшін маңызы зор, себебі онда күні бұрын тағайындалған баға, кепілді өткізу басқа рыноктардың қозғалыстарын реттеуге әсер етеді. Рынок процесіне бірнеше факторлар әсерін тигізеді. Қысқа мерзімде әсер ететін факторлар : баға дәрежесінің өзгеруі, тауар запастарын ауыстыра білу, тұтынушылардың ақшалай табысын реттеу. Ұзақ мерзімде осы аталған факторлардың өзі қоғамдық еңбек өнімділігі динамикасына, қоғамдық өндірістің тиімділігіне, экономиканың жалпы алғанда пропорционалдық дәрежесіне, жеке тұтыну құрамындағы өзгерістерге байланысты.

2. рынок инфрақұрлымына халық шаруашылығының ерекше саласы сауда (көтерме және бөлшек сауда, сауда кәсіпорындары, аукциондар, жәрмеңкелер, тауар биржалары) жатады.

3. Рынок институттары-коммерциялық банктер, қор биржалары, сақтандыру компаниялары, аудиторлық фирмалар, еңбек биржалары, заң кеңселері, информациялық орталықтар, жарнама бюросы.

GIFR.ru

На зарларыны за

рахмет!

Zhandos Tolenbek